

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 24 мамыр N 3001

Аграрлық ғылымды одан әрі дамыту, агроөнеркәсіп кешені салаларының ғылыми-техникалық әлеуетін шоғырландыру және азық-түлік пен ауыл шаруашылығы шикізатына деген республика қажеттілігін қамтамасыз ету міндеттерін шешуде аграрлық ғылымның үлесін күшейту мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылым-зерттеу мекемелерінің, тәжірибе шаруашылықтары мен тәжірибе эксперименттік кәсіпорындарының базасында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық қарасты дербес кешенді ғылыми-техникалық бірлестік болып табылады, ол елдің агроөнеркәсіп кешенін ғылыми қамтамасыз ету үшін жауап береді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е з и д е н т і*